



Автор: Бекешова Светлана Киргизбаевна
Пән: Сауат ашу
Сынып: 1-сынып
Бөлім: Дені саудың – жаны сау
Тақырып: Заттың сынын білдіретін сөздер

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:	1.2.5.1* мәтін/ иллюстрация бойынша (мұғалім көмегімен) сұрақтар қоя білу және қойылған сұраққа жауап беру; 1.3.7.1* мұғалімнің көмегімен сөз/ сөйлем/ мәтінді тексеру және қателерін түзету. Жалпы мақсаты Спортшы Илья Ильин туралы түсінік беру. Заттың сынын білдіретін сөздерді ажырата білуге үйрету. Сабақ мақсаттары Барлық оқушы орындай алады: • мәтін мазмұнын түсінеді; • суреттің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді оқи алады. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: • мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап бере алады; • сөйлемнің қатесін тауып, байқағанын түсіндіре алады. Кейбір оқушылар орындай алады: • мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қоя алады. • сөйлемдегі сөздердің орнын ауыстырып, дұрыс сөйлем құрастырып жаза алады. Бағалау критерийлері • мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ қояды; • мәтіннің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді; • сөз, сөйлем, мәтінде жіберілген қателерді анықтайды; • мұғалімнің көмегімен қатені түзетеді. Тілдік мақсат Спортзал, секция, зілтемір, олимпиада, дүркін, чемпион Сыныптағы диалог/жазылым үшін сай келетін тіл стилі: ауызша, жазбаша Талқылауға арналған сұрақтар: - Илья Ильин саған неліктен ұнайды? - Тағы қандай чемпиондарды білесіңдер? Қазақстандық зілтемірші қыздар туралы не білесіңдер? - Спортпен шұғылданған адам қандай болады? - Заттың сынын білдіретін сөздер қандай сұрақтарға жауап береді? Құндылықтарды дарыту Ынтымақтастық, бір – біріне құрмет көрсету, топта дұрыс жұмыс істеуге, топтағы сыйластыққа, қоршаған ортада өзін дұрыс ұстауға тәрбиелеу. Пәнаралық байланыс Дене тәрбиесі АКТ қолдану дағдылары Таныстырылым Алдыңғы оқу: Спорт – денсаулық кепілі. Заттың қимылын білдіретін сөздер
---	---

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Жоспар (Жоспарланған уақыт есебі Жоспарланған жаттығу түрлері Басы 4 мин Айтылым 4 мин Ортасы 2 мин Тыңдалым Айтылым 3 мин 2 мин Айтылым Оқылым Жазылым 7 мин Оқылым Жазылым)	- Жоспарланған жаттығу түрлері I. Ширату. Ынтымақтастық орта құру. - Көңіл-күйлеріңіз қалай? - Керемет! - Сабаққа дайындықтарыңыз қалай? - Тамаша! -Ынтаңыз ше? -Ғажап! 2. «Пазлқұрастыру» әдісі. Сурет қиындыларын құрастыру арқылы топқа бөлу. 3. Ережелерді еске түсіру. 1.Уақытты тиімді пайдалану. 2.Сыныптарыңның ойын жеткізуіне кедергі жасамау. 3.Тапсырмаларды дұрыс орындауға тырысу. Топтық жұмыс 4. «Кім шапшаң?»/өткен материалды еске түсіру/. Таңдаған сурет бойынша (зілтемір, бокс қолғабы, футбол добы)мысал келтіру. Келтірген мысалдардан қимылды білдіретін сөздерді табу. Дескриптор: - оқушы топпен жұмыс жасай алады; -сурет бойынша мысал келтіре алады; - қимылды білдіретін сөздерді таба алады. Оқылымды тапсырмасы Спорт құралдарының (зілтемір, бокс қолғабы, футбол добы) иесін табу. Криштиану Роналдо Илья Ильин Серік Сәпиев Оқылым тапсырмасы Мәтінді түсініп оқу. Сұрақтарға жауап бер. 1) Мәтін кім туралы? 2) Илья Ильин саған неліктен ұнайды? 3) Тағы қандай чемпиондарды білесіңдер? 4) Қазақстандық зілтемірші қыздар туралы не білесіңдер? Сергіту. Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз, Бұрыламыз оңға бір, Бұрыламыз солға бір, Біз бақытты баламыз Гүл-гүл жайнап жанамыз, Жаттығулар жасасақ, Шымыр болып қаламыз Жұптық жұмыс 1-тапсырма. «Ойлан, бірік, талқыла» әдісі. 2) Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз. 1. Илья Ильин қай жерде дүниеге келген? А) Алматы В) Қарағанды С) Қызылорда Д) Ақтөбе 2. Илья Ильин кім? А) зілтемірші В) боксшы С) футболшы Д) баскетболшы 3. 3. Илья – арнайы жаттығуға неше жасынан бастап барған? А) алты В) жеті С) сегіз Д) тоғыз 2) Мәтін бойынша екі сұрақ құрастырып жазыңыз. Жұптар бірін-бірі «Бас бармақ» арқылы бағалайды. Дескриптор: - мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді; - мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ құрастырып жазады. Жеке жұмыс. 2-тапсырма. Суреттің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді оқыңыз.	
--	---	--

